

МРПТИ 06.81.23

JEL Classification: O34

MECHANISM FOR COMMERCIALIZATION OF INTELLECTUAL PROPERTY OBJECTS

A. S. Kulembayeva

S. Toraigrov Pavlodar State University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose of the study – determining the elements of the mechanism that will further contribute to the disclosure of the modern mechanism of organizational and economic relations in the commercialization of intellectual property objects (hereinafter referred to as IPOs) in the Republic of Kazakhstan. Development of ways to improve and support the development of the innovation sphere in the Republic of Kazakhstan, using domestic features of the development of the intellectual property market and foreign experience of the mechanism under study.

Methodology – In the study is formed a toolbox of general economic theory, modern economic literature, various approaches to determine the mechanism of organizational and economic relations in the commercialization of intellectual property. The situational approach is used and the legislative base is structured to consider the mechanism of commercialization of intellectual property and other general scientific methods that allow to reveal the mechanism under study.

Originality / value of the research: Based on scientific approaches and analysis of the domestic legislative base, the article proposes a modern definition of the mechanism of organizational and economic relations in the commercialization of intellectual property rights, and considers a model of the mechanism.

Findings is understanding of the individual elements of the modern mechanism of organizational and economic relations during the commercialization of intellectual property in the Republic of Kazakhstan will accelerate the process of creating an innovative type of economy.

Keywords: mechanism, organizational and economic relations, mechanism of organizational and economic relations during the commercialization of intellectual property objects, mechanism elements.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМІ

A. S. Kulembayeva

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар, Қазақстан Республикасы

АҢДАТПА

Зерттеудің мақсаты – келешекте Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік объектілерін (бұдан әрі – ЗМО) коммерцияландыру кезінде ұйымдық-экономикалық қатынастардың қазіргі заманғы механизмін ашуға ықпал ететін тетік элементтерін анықтау. Зияткерлік меншік нарығын дамытудың отандық ерекшеліктерін және зерттелетін механизмнің шетелдік тәжірибесін пайдалана отырып, ҚР инновациялық саланы дамытуды жетілдіру және қолдау жолдарын әзірлеу.

Әдіснамасы – зерттеуде жалпы экономикалық теорияның, қазіргі экономикалық әдебиеттің құралдары, ЗМО коммерцияландыру кезінде ұйымдастыру-экономикалық қатынастардың механизмін анықтаудың әртүрлі тәсілдері қалыптасқан. Ситуациялық тәсіл қолданылды, зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру механизмін қарастыру кезінде заңнамалық базаны құрылымдау және зерттелетін механизмді ашуға мүмкіндік беретін басқа да жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы – мақалада, ғылыми тәсілдер мен отандық заңнамалық базаны талдауға сүйене отырып, ЗМО коммерцияландыру кезінде ұйымдастыру-экономикалық қатынастар механизмін қазіргі заманғы анықтау ұсынылды, механизм моделі қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері – Қазақстан Республикасының ЗМО коммерцияландыру кезінде ұйымдастыру-экономикалық қатынастардың қазіргі заманғы механизмiнiң жекелеген элементтерiн түсiну инновациялық үлгiдегi экономиканы құру процесiн жеделдетуге мүмкiндiк бередi.

Түйін сөздер: механизм, ұйымдық-экономикалық қатынастар, ЗМО коммерцияландыру кезіндегі ұйымдық-экономикалық қатынастар механизмі, механизм элементтері.

МЕХАНИЗМ КОММЕРЦИАЛИЗАЦИИ ОБЪЕКТОВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ

А. С. Кулембаева

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова
Павлодар, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – определение элементов механизма, которые в дальнейшем будут способствовать раскрытию современного механизма организационно-экономических отношений при коммерциализации объектов интеллектуальной собственности (далее – ОИС) в Республике Казахстан. Выработка пути совершенствования и поддержки развития инновационной сферы в РК, используя отечественные особенности развития рынка интеллектуальной собственности и зарубежный опыт исследуемого механизма.

Методология – в исследовании сформирован инструментарий общей экономической теории, современной экономической литературы, различные подходы к определению механизма организационно-экономических отношений при коммерциализации объектов интеллектуальной собственности. Использован ситуационный подход, осуществлялось структурирование законодательной базы при рассмотрении механизма коммерциализации объектов интеллектуальной собственности и другие общенаучные методы, позволяющие раскрыть исследуемый механизм.

Оригинальность / ценность исследования – в статье, опираясь на научные подходы и анализ отечественной законодательной базы, предложено современное определение механизма организационно-экономических отношений при коммерциализации ОИС, рассмотрена модель механизма.

Результаты исследования – понимание отдельных элементов современного механизма организационно-экономических отношений при коммерциализации ОИС в РК позволит ускорить процесс создания экономики инновационного типа.

Ключевые слова: механизм, организационно-экономические отношения, механизм организационно-экономических отношений при коммерциализации объектов ОИС, элементы механизма.

КІРІСПЕ

ЗМО коммерцияландыру кезінде ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар механизмін дамыту мәселесі – экономиканы дамытудың маңызды аспектілерінің бірі.

Ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейіне мемлекеттің экономикалық әл-ауқатының деңгейі байланысты.

ЗМО болып табылатын дәл осы жаңашыл технологиялар, инновациялық жұмыстар өндірістік күштердің дамуына ықпал етеді.

Өндірістік ресурстардың зияткерлік құрамдас бөлігі кәсіпорындардың экономикасының ғана емес, бүкіл ұлттық экономиканың әл-ауқатының деңгейінің арттыру жолында қозғаушы күші болып табылады.

Осы мақала шеңберінде ЗМО коммерцияландырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмінің санаттық аппаратын анықтау үшін осы механизмнің этимологиясын қарастырамыз. Өртүрлі экономика салаларында зерттейтін механизмді пайдалану туралы куәлік 2000 жылдардан бастап қазіргі дереккөздерде бар. Ұйымдастырушылық-экономикалық механизмді тікелей қолданатын белгілі дереккөздерде осы механизмнің мәні ашылмайды [1, 2, 3].

Ұйымдастырушылық-экономикалық механизмнің ұғымдық аппаратын ұсыну бірқатар басқа дереккөздерде бар [4, 5, 6].

Бұл авторлардың негізгі анықтамасы ұйымдастырушылық-экономикалық механизм басқарушылық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралардың күрделі жүйесін білдіретіндігіне сайып келеді [7].

Осылайша, ұйымдастырушылық-экономикалық механизм көпқұрамды және кешенді санат, өйткені бірқатар өзара байланысты элементтерді қамтиды [8].

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Ұйымдастырушылық-экономикалық механизм әрекеті зияткерлік үрдіс субъектілерін іске қосудың ұйымдастырушылық формаларының, ведомствоаралық реттеу жүйелерінің, экономикалық қызмет саласы мен институттандырудың қолданыстағы органдарының өзара байланысы барысында жүзеге асырылады. Бұл механизмнің негізгі бағыттаушы күші мемлекеттік деңгейде де, инновациялық компаниялар, ассоциациялар деңгейінде де инновациялық зияткерлік жұмыстарды жасау, тарату және шаруашылық айналымға енгізу үрдісінде қазіргі, легитимдік, нарықтық қатынастарды қолдау болуы тиіс.

Жоғарыда ұсынылған дереккөздерді талдау ЗМО коммерцияландыру кезіндегі ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар механизмінің жалпы жұрт қабылдаған анықтаманың жоқтығы анықталды. Жеке механизмдердің жұмыс істеуін топшылайтын, зерттейтін механизмді иерархиялық жүйе ретінде қарастыратын ғалым экономистердің пікірлерін бөле отыра, олардың әрекеті белгілі мөлшерде жалпы жүйені іске асыру мен маңыздылығына әсер етеді. Осындай механизмдердің жүйелік бірлесуі келесі санатты құруды – ЗМО коммерцияландырудың кешенді механизмін алдын ала анықтайды [9].

Ұсынылған ғылыми анықтамалар негізінде, осы мақала шеңберінде келесі түсіндірмені ұсынамыз: ЗМО коммерцияландыру кезіндегі ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар механизмі – бұл жеке механизмдерді іске қосу, олардың әрекеті белгілі мөлшерде ЗМО коммерцияландырудың жалпы жүйесін іске асыру мен маңыздылығына әсер етеді. Смирнов Е. Б. және Балыхин М. Г. «зияткерлік қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін» «ұйымдық құрылым элементтері мен экономикалық, басқарушылық және басқа әдістер, ережелер мен рәсімдер кешенінің жиынтығы ретінде» анықтауды ұсынады [10].

Бұл ғалым экономистер ЗМО коммерцияландыру кезіндегі ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар механизмдерінің келесі негізгі түрлерін анықтайды: ресурстарды басқару механизмі; зияткерлік қызмет нәтижелерін бекіту мен құқықтық қорғау механизмі; нарықта жұмыс істеу механизмі; ақпараттық механизмі; стратегиялық дамыту қамтамасыз ету механизмі.

Сондай-ақ Балыхин М. Г. жұмыстарында шағын және орта кәсіпорындардағы инновацияларды коммерцияландыру механизмін екі құрамдас бөлікке жіктеу ұсынылды: ішкі және сыртқы бөлік. Механизмнің ішкі бөлігі инновацияларды коммерцияландыру барысында анықталады.

Механизмнің сыртқы бөлігі инновациялық кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау ықпалымен анықталады, ол нарықтық механизмге, инновациялық кәсіпорындарды есепке алу механизміне, салықтық ынталандыру механизміне және кәсіпорындардың мемлекеттік тапсырыс жүйесіне қатысуды ынталандыру механизміне келтіріледі.

Инновацияларды коммерцияландыру механизмдерін жіктеудің қарастырылған тәсілдері тұтастай (атап айтқанда, ЗМО) механизмнің ішкі және сыртқы құрамдас бөліктерінің байланысын анықтауға, ЗМО коммерцияландыру механизмдерінің жеке құрамдас бөліктерінің де, ЗМО коммерцияландырудың бүкіл кешенді механизмінің де туындайтын мәселелерін талдауға және жеңуге ықпал етеді.

Нигматуллин Л. Г. ЗМО коммерцияландыру механизмін ұйымдастырушылық, экономикалық және легитимдік аспектілердің синтезі ретінде анықтайды. Нигматуллин Л. Г. механизмін түсіндіру зияткерлік меншікті экономикалық дефиниция ретінде анықтауға негізделеді, оның құрамдас бөлігі құқықтық қатынастарды реттеудің институционалдық саласына тәуелді әртүрлі үйлесімдіктерде батыстық экономистермен бөліп көрсетілген меншік құқықтарының «шоғыр» комбинациясы болып табылады [11].

Осы зерттеушінің анықтамасы бойынша ЗМО механизмі келесі формаларда көрінеді: ерекше құқыққа (құқықтарды сату) жол беру; пайдалануға құқықтар беру; ноу-хоу формасында зияткерлік меншік объектілерін коммерциялық іске асыру.

Зияткерлік қызметтің нәтижесіне ерекше құқыққа (құқықтарды сату) жол беру ерекше құқық зияткерлік меншік объектісін пайдалануға берілген кезде бір экономикалық субъектіден басқасына жүзеге асырылады. ЗМО коммерциялаудың мұндай формасы зияткерлік емес тауарды коммерцияландырумен ұқсас. Ерекше құқыққа жол беру – бұл зияткерлік тауарды иеліктен шығару және оған меншік құқығын беру. Жол беру шарты өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше құқықтың әрекет ету мерзімі ішінде кез келген уақытта жасалады, оған қатысты шарт жасалады.

Заңды түрде жол беру шартының қатаң реттелген формасы жоқ, алайда, оны Өкілеттік органда тіркеу міндетті болып табылады.

Бүгінгі таңда зияткерлік меншікті тиімді басқару мәселесі өзекті, бұл заңнамалық деңгейде ЗМО коммерцияландыру кезінде ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар механизмдерін дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, 2015 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңнамасына сәйкес жеке де, заңды тұлғалар да осы заңның 8 бабымен анықталған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру механизмдері арқылы құқықтарды іске асыру мүмкіндігіне ие.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған ЗМО коммерцияландырудың негізгі механизмдері: ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне лицензиялық шарттар жасау; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне ерекше құқықтарға жол беру шарттарын жасау; стартап — компаниялар құру және дамыту; меншікті өндіріске ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізу (пайдалану), сондай-ақ отандық заңнама аясында орыны бар басқа әдістер [12].

Осылайша, Қазақстанда ЗМО коммерцияландыру кезінде ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар механизмін жасаудың әлеуметтік-экономикалық қажеттілігі, бұрын атап өтілгендей, қолайлы даму кезінде біздің елдегі білімге негізделген экономиканы дамытудың алғышарттарына айналады. Сондықтан ұлттық инновациялық инфрақұрылымды дамытуға және коммерцияландыру перспективаларына ие ғылыми-техникалық жұмыстарды қолдауға бағытталған қазіргі экономика негіздерін қалыптастыруды зерттейтін механизмнің негізгі мақсатына жатқызуға болады. Алға қойған мақсатты ескере отыра, Қазақстан Республикасындағы осы механизмнің міндетін анықтаймыз, оны инновациялық белсенділікті арттыру және елдегі жоғары технологиялы және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту ретінде қалыптастыруға болады.

Анағұрлым жалпы сұлбаға сәйкес механизм құру үлгісіне келесі элементтер кіреді:

- субъект (бастамашы) осы механизмді әрекетке саналы түрде қосатын қозғаушы күш ретінде;
- мақсаттар механизмнің әрекет етуінің бағдарламаланған қорытынды нәтижелер ретінде;
- әдістер алға қойған мақсатқа қол жеткізу үрдістерінің инструментарийі, әдістері мен технологиялары ретінде;
- форма әдістемелік қамтамасыз етудің қажетті ұйымдық ресімдеу ретінде;
- құралдар мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылатын ресурс түрлері мен көздерінің жиынтығы ретінде;
- объектілер – шаруашылық субъектілер, шаруашылық орта, экономикалық құбылыстар.

Механизмнің жеке элементтерінің жоғарыда жүргізілген зерттеуі макродеңгейде келесі элементтердің өзара әрекет етуі түрінде ЗМО коммерцияландыру кезінде ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастарды коммерцияландыру механизмі үлгісін жасауға көмектеседі:

- мақсаты: ұлттық инновациялық-индустриалдық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған индустрияландырудан кейінгі экономика негіздерін қалыптастыру және коммерцияландыру перспективалары бар ғылыми-технологиялық жұмыстарды қолдау;

- міндеті: инновациялық белсенділікті арттыру және елде жоғары технологиялы және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту;

- субъектілер (бастамашылар): Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, салалық өкілеттік органдар, облыстардың, республикалық мәндегі қалалардың жергілікті атқарушы органдары, астаналар [13];

- іске асыру әдістері: авторларға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жасағаны және енгізгені (пайдаланғаны) үшін сыйақылар төлеу;

- ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға гранттар; жоғары технологиялы өнім шығаруды жүзеге асыратын өндірістерді құру бойынша жәрдемдесу және (немесе) мемлекеттік-жеке серіктестік негізінде жаңа технологиялар енгізу;

- ЗМО коммерцияландыру қатысушыларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламалары;

- іске асыру формалары: өкілеттік органмен, салалық өкілеттік органдармен, облыстардың, республикалық мәндегі қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жасалатын және іске асырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламалары, сондай-ақ жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдармен және ғылыми-білімі консорциумдармен әзірленген және іске асырылғандар да мүмкін;

- объектілер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері; жеке кәсіпкерлік, сондай-ақ мемлекеттік сыңайлы саланың субъектілері; шетелдік жоғары оқу орындары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстанда аккредиттелген ғылыми ұйымдар; стартап-компаниялар; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтары (кеңселері); қызмет көрсету компаниялары; технологиялық парктер; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға инвестициялауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

- әсер ету саласы: ғылым мен бизнестің өзара әрекет етудің жаңа деңгейін қамтамасыз ететін индустриалдық-инновациялық инфрақұрылымы;

- қаржыландыру әдістері: негізгі, гранттық, бағдарламалық - мақсаттық.

Бізбен құрастырылған механизм негізінде сұлба түрінде 1-суретте Қазақстан Республикасындағы ЗМО ұйыдастырушылық-экономикалық қатынастарын коммерцияландырудың қазіргі механизмінің үлгісін ұсынамыз.

Зияткерлік меншік коммерцияландыру саласында қызметті дамыту үшін осы үрдістің негізгі қатысушыларының өзара әрекет етуінде жаңа әдістер әзірлеу талап етіледі. ЗМО коммерцияландыру механизмінің бірнеше шешілмеген, отандық инновациялық әлеуеттің дамуына кері әсерін тигізетін мәселелері бар:

- технологиялар мен өнімдердің нарыққа шығару үшін тұтынушылардың сұранысын толық әзірлеу мақсатында, көпшіл ғылыми әдістемелерінің аяқталмауы. Бұл серіктестердің көз алдында ұсынылған технологиялардың (немесе өнімдердің) құндылық әлеуетті күрт төмендетеді;

- қазіргі заманға сай жаңа технологиялық тетіктерін нарыққа енгізу механизмдердің жетілмеуі. Нарық жағдайында жаңа технологияларды игеру тетігі шағын инновациялық бизнеспен тығыз байланысты және жоғарғы тәуекелдерге тән, бірақ табысты жағдайда жоғары табыс қайтарымы болуы мүмкін;

- технологиялық парктер және мамандандырылған бизнес-инкубаторлар, желі қорларының тәуекелдік қаржыландыру фирмалардың (венчурлік қорлардың), арнайы қаржылық қолдау тетіктері сияқты инновациялық жобалардың инфрақұрылымдық элементтердің толық жәрдемдесудің дамықығындығы.

Сондай-ақ ғылыми ұйымдарды, ғылымды көп қажет ететін өндіріс пен венчурлық инновациялық кәсіпкерлікті қолдау аясында көп тарапты мемлекеттік саясат қажет.

Осы кезеңде зияткерлік меншік қатынастарының пісіп жетілу деңгейі, біздің пікірімізше, экономиканы инновациялық даму жолына ауыстыру үшін нақты негіз жасауға олардың қабілеттілігімен анықталады.

ЭЛЕМЕНТТЕР

<p><u>Міндеттер</u></p> <p>Инновациялық және белсенділікті арттыру және елдегі жоғары технологиялы және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту</p>	<p><u>Мақсат</u></p> <p>ұлттық инновациялық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған индустриядан кейінгі экономика негіздерін қалыптастыру және коммерциялық перспективалары бар ғылыми-технологиялық жұмыстарды қолдау</p>	<p><u>Субъектілер (бастамашылар)</u></p> <p>ҚР Білім және ғылым министрлігі, салалық өкілеттік органдар, облыстардың, республика мандегі қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары</p>	<p><u>Әдістер</u></p> <p>авторларға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жасағаны және енгізгені (пайдаланғаны) үшін сыйақылар төлеу; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға гранттар; жоғары технологиялы өнім шығаруды жүзеге асыратын өндірістерді құру бойынша жәрдемдесу және (немесе) мемлекеттік-жеке серіктестік негізінде жаңа технологиялар енгізу; ЗМО коммерцияландыру қатысушыларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламалары</p>	<p><u>Формалар</u></p> <p>ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламалары</p>	<p><u>Объектілер</u></p> <p>ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері; жеке кәсіпкерлік, сондай-ақ мемлекеттік сынайлы саланың субъектілері; шетелдік жоғары оқу орындары және ҚР заңнамасына сәйкес ҚР-да аккредиттелген ғылыми ұйымдар; стартап-компаниялар; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтары (кеңселері); қызмет көрсету компаниялары; технологиялық парктер; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға инвестициялауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;</p>
<p><u>Әсер ету саласы</u></p> <p>Ғылым мен бизнестің өзара әрекет етуінің жаңа деңгейін қамтамасыз ететін индустриалдық-инновациялық инфрақұрылымдағы ұйымдастырушылық – экономикалық қатынастар</p>			<p><u>Қаржылану әдістері</u></p> <p>негізгі, гранттық, бағдарламалық - мақсаттық</p>		

1-сурет – Қазақстан Республикасында ЗМО коммерцияландыру кезінде ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастардың қазіргі механизм үлгісі

Ескерту – автормен құрастырылған

Осы мақсаттарда заңнамалық негіз бен авторлық жеке меншік саласында мемлекеттік саясатты іске асырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін ары қарай жетілдіру талап етіледі.

Дамыған елдерде әлдеқашан бай тәжірибе жинақталғандығын атап өтеміз.

Демек, Қазақстанда жас мемлекеттегі сияқты қолда бар жұмысты көшіру қызығушылығы бар. Әрине, қызметтің зияткерлік саласын мемлекеттік реттеу үлгілерінің даму сатысы аясында қозғала отыра, Қазақстан сол құрылымдық жылжулардың әлемдік экономикаға әсерін жоққа шығара алмайды, олар өнеркәсіп тұрғысынан дамыған елдердің инновациялық экономикаға өтуін көрсетеді.

Мұның пайда болуына себепші дәстүрлі салалар үлесінің қысқаруы және салалардың жылдам өсуі болады, оларды дамыту материалдық немесе ресурстық факторларға немесе шектеулерге қаншалықты тәуелді болса, адам капиталының «сапасына», оның «креативтік» құрамдас бөлігіне соншалықты тәуелді.

Көрсетілген өзгерістер, күмәнсіз, мемлекеттік саясат мазмұнында және құралдарда, инновациялық қызметті ынталандырудың әзірленетін шаруашылық механизмінің сипатында дұрыс көрініс табуы тиіс.

Сонымен бірге көшіру жолы зияткерлік қызметтің отандық саласында пайда болған жағдайлар мен ерекшеліктер үшін қолайлы емес. Және де ең алдымен, айтылғандар кеңес уақытында пайда болған және қазір де белгілі деңгейге дейін сақталған бірегей үлгісі тіпті қолданбалы зерттеулер мен жұмыстар аясында экономикалық мақсаттылықтың қатаң талаптарына бағынуға әлсіз бағытталған ғылыми салаға қатынасы бар.

Бұл жағдайларда зияткерлік, атап айтқанда, қызметтің ғылым саласын басқарудың барлық ұйымдық құрылымын біртіндеп өзгерту туралы сөз болуы тиіс.

Әрине, біз әлемдік практиканың пайдалы болатын жерде пайдалануды, жаңа ұйымдастырушылық-құқықтық формалардың пайда болуын жоққа шығармаймыз, олар авторлық жеке меншік қатынастарының дамуын қамтамасыз етер еді және оған бүкіл инновациялық тізбек кіреді: мамандар даярлау, іргелі зерттеулер, мемлекеттік ғылыми орталықтар, өнеркәсіптік корпорациялар, шағын корпорациялар, шағын кәсіпорындар және технопарктер, нарықтарға шығу.

Бүлтұрғыда біз үшін халықаралық тәжірибе өте қызықты, ол технологияларды коммерцияландырудың тиімді үрдісі елде тұтас және кешенді инновациялық жүйенің болуы жағдайында мүмкін, ал инновациялық қызметті белсендіруге мемлекеттік қатысу негізгі болып табылатындығын көрсетті.

Шетелде жоғары технологиялы салада коммерцияландыруды мемлекеттік ынталандырудың принципіалдық ерекшеліктерін атап өтеміз, олар біздің елде де қолданылар еді:

1. Инновациялық қызметті қолдау оның барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады (ғылыми-зерттеу жұмысын орындаудан бастап технологиялық өнімді (қызметтерді) іске асырғанға дейін). Мемлекетпен технологияның даму сатысына байланысты көптеген бағдарламалар ұсынылады.

2. Инновациялық қызметті көпкомпоненттік қолдау яғни аймақтық ерекшеліктер мен мемлекеттік артықшылықтарды ескерумен жүзеге асырылады. Білімнің дамуы мен өзгеру сатыларының әрқайсысы қаржылай, консультациялық, ақпараттық және басқа қолдау түрлерін алады.

3. Зерттеу мен жұмыс нәтижелерін коммерциялық қосымша сатысына ауыстыратын бағдарламаларға, сондай-ақ бастаушы технологиялық компанияларды қолдаудың кешенді бағдарламаларына көп көңіл бөлінеді. Мемлекет тәуекелдерді кепілдеуге қатыса отыра және жоғары тәуекелді жобаларды қаржыландыра отыра, сонысымен бизнесті алмастырмайды, керісінше, «нарық сәтсіздіктерін» өтейді.

4. Мемлекет «бәсекелестікке дейінгі» сатыларда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ) қаржыландыру арқылы ғылымның өнеркәсіппен байланыстарын дамытуды белсенді қолдайды. Сонымен қатар ынтымақтастық ғылыми ұйымдарға да, бизнес салаға да тиімді. Мұндай бағдарламаларда елеулі ынталандырма бюджеттік қаражат есебінен құрылған АЖ-ға оны кезекті коммерцияландыру үшін өнеркәсіпке құқықтарды беру болып табылады.

5. Инновациялық инфрақұрылым құру кезінде тек ғылым мен технологиялық өндіріс саласына тікелей жататын элементтерді ғана емес, басқаларын да құрған дұрыс. «Сыртқы» инфрақұрылым – жолдар, әуежайлар, басқа коммуникациялардың жағдайы инновациялық дамуға кедергі емес, әлеуеттік инвесторлар үшін тартымды болуы тиіс.

Технологияларды (ТТ) беру үрдісін тиімді басқарудың мысалдарының бірі технологияларды (ТТО) беру бойынша бразилиялық бюро болып табылады: USP (AUSPIN) инновациялық агенттігі және Сан-Паулу (USP) университеттері және Кампинаса (Unicamp) мемлекеттік университеті жанындағы Inova Unicamp (Inova) Агенттігі, олартехнологиялық даму аясында анағұрлым өнімді латын-американ университеттері қатарына кіреді. Бұл университеттер технологияларды басқару және коммерциаландырудың ең үздік практикалары бойынша мысал болады, оларда технологиялық білімді белсенді алмасу болады [14].

Ғылыми мекемелердің инновациялық компоненттерін күшейтудің өзгеше формалары Ресейде құрылды. Мысалы, жоғарғы оқу орындары (бұдан әрі –ЖОО) түріне байланысты мұнда оқу-ғылыми кешендер (классикалық университеттер) және оқу-инновациялық кешендер (техникалық және технологиялық университеттер) құрылды.

Инновациялық инфрақұрылым құрудың бір бағыттарының бірі академиялық ғылымның ЖОО-мен оқу-ғылыми орталықтар (ОҒО) сияқты формада біріктіру негізінде жүзеге асырылады. Инновациялық инфрақұрылымның бұл формасының артықшылығы оның негізгі зерттеулерді дамыту, күрделі білім беделін арттырудың күрделі даярлау сапасын жақсарту арқылы бірегей мамандарды даярлау мәселесін шешуге мүмкіндік беретіндігінде.

Мұндай біріктірілген құрылымдар бізде де орын алуы мүмкін. Алайда, Қазақстанда әзірге классикалық институттар аз екендігін ескеру қажет, мұнда күрделі зерттеулер үлесі ғылыми зерттеулердің басқа түрлерінің арасында басым болып табылады.

Сондықтан ЗМО коммерциаландыру кезінде ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар механизмін құрудың шетелдік тәжірибесінде бар оң сәттерге қарамастан отандық экономика үшін барлық салаларда және нақты аймақ пен тұтастай елдің негізін қалайтын міндетті ойдағыдай орындау үшін жақсы ойластырылған біріктірілген саясат қажет.

Инновациялық қызметтің ұйымдастырушылық формаларын әртараптандыру үшін, біздің ойымызша, қажет:

1) мемлекетпен зерттеулер мен жұмыстарды инвестициялау және тең инвестициялау кезінде мемлекеттік келісімдерді, гранттар мен шарттарды пайдалану тиімділігінің әрекетті мониторингін жасау, жоба мәртебесіне байланысты әртүрлі институционалдық құралдарды пайдалану шекарасын анықтау, сондай-ақ тәуелсіз ғылыми сараптама және оларды заңды норма ретінде қабылдау стандарттарын әзірлеу;

2) мемлекеттің әлеуметтік рөлінің мақсаттары мен міндеттерін мемлекеттік инновациялық саясаттың басқа мақсаттарымен барынша орайластыру қағидасын іске асыру арқылы мемлекеттің дәстүрлі жауапкершілігі аясында бағдарламалау реформасын жүзеге асыру. Сонымен қатар ғылым, өнеркәсіп және мемлекет өкілдерімен тілдесудің интерактивтік үрдістеріне негізделген бағдарламаларды қалыптастырудың ашық үрдістері маңызды;

3) индустриалдық-инновациялық саланың мемлекеттік субъектілерін қаржыландыру жүйесін олармен жүзеге асырылатын қызметке сәйкес келтіру, ұйымның зияткерлік қызметін негізгі қаржыландырудан ұйымның қаржыландыру қатысуына негізделген, зерттеу жобаларына ұйымның қатысуына негізделген қаржыландыруға жылжу, субъектілердің қызметінің қаржылай ашықтығын және алған кірістерді пайдаланудың нақты реттеуін қамтамасыз ету.

Біздің ойымызша, Қазақстанда ғылым мен бизнестің өзара байланысының әртүрлі ұйымдық формаларын пайдалана алады, алайда, оларды әр аймақта таңдау зерттеулер мен жұмыстарды ұйымдастырудағы дәстүрлермен пайда болған оның экономикалық және зияткерлік әлеуетін дамыту айырықшылығымен оларды ары қарай коммерциаландыру мақсатында анықталуы тиіс.

Сондықтан зияткерлік қызметтің кез келген ұйымдық формасы тиісті жағдайларда өз тауашасын таба алады. Қазіргі уақытта Қазақстанда зияткерлік меншікті коммерциаландыру жүйесін АҚШ, Еуропа және Ресей елдерімен салыстыру әлі де тиісті дамуға ие болған жоқ.

Тұтастай алғанда, шетелдік тәжірибені, сондай-ақ зияткерлік меншік нарығын дамытудың отандық ерекшеліктерін көңілге ала отыра, біз зияткерлік меншік институтын жетілдіру және инновациялық қызметті ынталандырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі үлгісі бойынша бағыттар,

біздің ойымызша, төмендегілерді топшылауы тиіс деп есептейміз:

- инновациялық қызметті қолдау оның барлық сатыларында жүзеге асырылады (ғылыми-зерттеу жұмысын орындаудан бастап технологиялық өнімді (қызметтерді) іске асыруға дейін);
- инновациялық қызметті көпкомпоненттік қолдау аймақтық ерекшеліктер мен мемлекеттік артықшылықтарды есепке алумен жүзеге асырылады;
- зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін коммерциялық қолдану кезеңіне ауыстыратын бағдарламаларға, сондай-ақ стартап-технологиялық компанияларды қолдаудың кешенді бағдарламаларына үлкен назар аудару;
- бәсекелестікке дейінгі сатыларда жоғары тәуекелді ҒЗТКЖ қаржыландыру арқылы ғылымның өнеркәсіппен байланыстарын дамытуды мемлекетпен белсенді қолдау;
- «сыртқы» инфрақұрылымды дамыту;
- техникалық-енгізу үлгісіндегі аумақтарды құру;
- инновациялық қызметтің ұйымдық формаларын әртараптандыру;
- тиімді заңнамалық негізді құру;
- халықтың патенттік белсенділігін арттыру.

